

Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен ұйымдарына есімдер беру және қайта атау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 сәуірдегі N 397

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы етеді:

Алматы, Қостанай, Қызылорда, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған облыстары әкімдерінің Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігімен және Су ресурстары жөніндегі комитетімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік ономастика комиссиясымен келісілген:

а) есімдер беру туралы

Алматы облысы бойынша

Үлкен Алматы каналына - көрнекті мемлекет қайраткері, ғалым, академик Дінмұхамед Қонаевтың;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Шымкент қаласының "Южказводпроект" жобалау-іздігі институтына - КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген құрылысшысы Міркамал Үнембаевтың есімін беру туралы.

б) қайта атау туралы:

Алматы облысы бойынша

Күрті ауданының КСРО-ның 60-жылдығы атындағы кеңшарын - "Күрті" кеңшары;

Кеген ауданының Қазақ ССР-ның 50 жылдығы атындағы тәжірибе шаруашылығы - "Шөладыр" тәжірибе шаруашылығы;

Қостанай облысы бойынша

Таран ауданының "Николаев" кеңшарын - Бейімбет Майлин атындағы кеңшар;

Қызылорда облысы бойынша

Сырдария ауданының "Первомай" кеңшарын - Мұстафа Шоқай атындағы кеңшар;

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша

Арыс ауданының "Зардарья" кооперативтік бірлестігін - Арынбек Құлжабаев атындағы кооператив бірлестігі;

Павлодар облысы бойынша

Ақтоғай ауданының Октябрьдің 25 жылдығы атындағы тәжірибе
шаруашылығы - Бағұстар Рамазанов атындағы тәжірибе шаруашылығы;

Талдықорған облысы бойынша

Панфилов ауданының Киров атындағы ұжымшарын - Әбілхан Қастеев
атындағы ұжымшар;

Көксу ауданының Куйбышев атындағы ұжымшарын - Қабан жырау атындағы
ұжымшар деп қайта атау туралы ұсыныстары қабылдансын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі